

**«Бірлік орта мектебі» мкм-нің
2022-2023 оқу жылындағы ыстық тамақ бойынша
Х А Б А Р Л А М А**

Бала денсаулығын, оның дене және ақыл-ой дамуын анықтайтын бағыттардың бірі өскелең ұрпақты сапалы тамақтандыруды ұйымдастыру болып табылады. Дұрыс ұйымдастырылған тамақтандыру оқушылардың денсаулығын сақтауға көмектесетіні сөзсіз.


Оқушылардың тамақтануын ұйымдастыру бойынша басты міндеттері:

- әлеуметтік қорғансыз отбасылар санатына жатқызылатын отбасылардан шыққан оқушыларды тегін тамақтанумен қамту;
- ата-аналар (заңды өкілдер) қаражаттарының көмегімен оқушыларды рационалды тамақтандыруды ұйымдастыруға қолайлы жағдай жасау;
- білім беру мекемесінің асхана бөлмелерінің материалдық базасын нығайту және жаңарту;
- қызмет көрсетудің жаңа озық формаларын дамыту және тамақтану мәдениетін жоғарылату;
- тамақтанудың санитарлық-гигиеналық қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- ата-аналар (заңды өкілдер) мен оқушылардың арасында ыстық тамақтанудың қажеттілігі туралы түсіндірме жұмыстарын жүйелі түрде жүргізу.

Оқу жылының басында оқушылардың ыстық тамақпен қамтылуын ұйымдастыру туралы бұйрық шығарылады, мұнда тегін ыстық тамақ алуға құқығы бар оқушылардың тізімдік құрамы бекітіледі.

2022-2023 оқу жылының басында тамыз айында мектеп бойынша сынып жетекшілермен байланысу арқылы әр сыныптан әлеуметтік жағдайына байланысты тізім жасалып, қаңтар айынан бастап ыстық тамақ ішетін оқушылардың саны-68 оқушыға өзгерді. Оқушылар күнделікті мектебіміздің орендаторы берген менюімен уақытылы ішіп отырды. Бірінші ауысым 3 сабақтан кейінгі қоңырауда барады, екінші ауысымда дәл солай уақытысымен барып отырады.



Хабарламашы  Қалығұл С.М